

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитетінің 2024 ж. «22» ақпандағы №31, 9-т. қаулысымен бекітілді

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2024-2025 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

Салалық кәсіподақтың жұмысында кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту - ең басымды бағыттарының бірі болып табылады. Кәсіподақ активін оқыту жалпы кәсіподақ қозғалысын дамыту үшін қажетті жағдай болып табылады. Қойылған мақсаттарға жетуде кәсіподақ көшбасшылары мен кәсіподақтың қатардағы мүшелерінің кәсіби құзіреттілігінің деңгейінің ролі зор. Бұл бағдарламалар бірыңғай оқыту жүйесін құрайды және қажетті кәсіби білім, шеберлік пен дағдыларды қалыптастырады, сондай-ақ кәсіподақтық білім жүйесінің көпсалалығын айқындайды.

Мақсатты және жүйелі оқыту, кәсіподақ мүшелігіне саналы көзқарастың қалыптасуына, жұмыс жасаушылардың құқығы мен мүдделерін қорғаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға дағдыландырады.

Кәсіподақтық оқыту жағдайы кәсіподақ қозғалысын дамытудың тенденцияларымен байланысты және еңбек адамдарының тиімді әлеуметтік-экономикалық қорғау институты ретінде нығаюына әсер етеді.

Кәсіподақ құрылымындағы жаңа кезең кәсіподақ кадрлары мен активінің, кәсіподақ мүшелерінің біліктілігін арттыру, даярлау жүйесіне жаңа талаптар қоюына орай, барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары кәсіподақтық оқыту бағыттарын, мақсаттарын нақты айқындауы, оны өткізудің түрлері мен әдістерін қайта қарауы қажет.

Кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту жөніндегі нұсқаулықтар XIV Съезде қабылданған Салалық кәсіподақтың 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасында келтірілген принциптер негізінде жасақталған.

***1. Кәсіподақтық оқыту мақсаттары мен міндеттері***

Кәсіподақ қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру, алынған білім негізінде кәсіподақ активінің белсенді позициясын қалыптастыру, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін кәсіби қорғау кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруды әрі қарай жетілдірудің мақсаты болып табылады.

## 1. Негізгі міндеттер:

1.1. Еңбек және өзге де қоғамдық қатынастардың заңгерлік, экономикалық және әлеуметтік мәселелері бойынша қажетті білімді меңгеру. Осы білімді тәжірибеде қолдана білу.

1.2. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейіндегі, аудандық (қалалық) кәсіподақ ұйымдарының, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, кәсіподақ топтарының, кәсіподақ қызметінің түрлі бағыттары бойынша комиссиялардың жұмыс тәжірибелерін зерделеу және жинақтау. Жұмыста салааралық және халықаралық кәсіподақ қозғалысының тәжірибесін пайдалану.

1.3. Кәсіподақ мүшелері мен сайланбалы кәсіподақ органдары арасында ақпараттық өзара іс-әрекетті күшейту.

1.4. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жөніндегі жұмыс түрлері мен әдістерін зерделеу, кәсіподақтағы саналы мүшелікті қалыптастыру, кәсіподаққа жұмыс жасайтын қызметкерлерді тартуда үгіттеу жұмысын жүргізу, кәсіподақтың ықпалын күшейту, беделін нығайту.

1.5. Барлық деңгейдегі әлеуметтік серіктестік принциптерін жетілдіру және әрі қарай дамыту. Келіссөздерді жүргізу дағдыларын қалыптастыру, келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасау тәртібін зерделеу. Еңбек ұжымдарында жанжалдарды шешу және алдын алуды білу.

## 2. Кәсіподақтық оқыту бағыттары

Жоғарыда көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін кәсіподақтық оқыту келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылуы тиіс:

### 2.1. Ақпараттық-талдау. Бұл бағыт өзіне:

- өңірлер бойынша қазіргі уақытта туындаған мәселелердің ерекшелігін ескере отырып, бір күндік семинар-кеңестер өткізу. Кәсіподақтың Орталық комитетімен, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейіндегі, аудандық (қалалық) кәсіподақ ұйымдарымен қажеттілік шегінде, бірақ жылына бір реттен кем емес өткізілетін семинарлар кестесін жасақтау;

- ай сайын бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен аудандық (қалалық) ұйымдарда семинар-кеңестер өткізу;

- кәсіподақ активі мектептерінде тұрақты оқыту;

- халықаралық семинарларға, конференцияларға қатысу;

- кәсіподақтың түрлі бағыттары бойынша ұстанымын түсіндіру, кеңестер беру, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибелерін таратып бөлісу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қолдану;

- ақпараттық, талдау және әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;

- кәсіподақ жұмысының ішкі мәселелері бойынша сауалнама жүргізуді қосады.

### 2.2. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту.

Бұл бағыттың негізіне Кәсіподақтың Орталық комитеті, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейіндегі, аудандық (қалалық) кәсіподақ ұйымдары деңгейлерінде тұрақты түрде әрекет ететін кәсіподақ активі мектебін немесе семинарлар құру жатады.

Мектептер немесе семинарлар құру, білім алушылар тобын жинақтау туралы шешімді тиісті атқарушы кәсіподақ органы қабылдап, әрі қарай олардың қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, оқыту барысының сапасына жауап береді. Мектеп жұмысын басқару үшін әдістемелік (оқу-әдістемелік) кеңес (қызмет) құрылуы мүмкін.

Семинарлар 1-3 күн ішінде өткізіледі.

Бір жылдық кәсіподақтық оқыту қорытындысы міндетті түрде тиісті кәсіподақ органының отырыстарында талқыланып, келесі жылға жоспарлар белгіленеді.

Тұрақты жұмыс жасайтын семинарлар жүйесінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын оқытуға ерекше назар аудару қажет. Айына бір реттен кем емес тұрақты оқыту бастауыш ұйымдарға, демек әрбір кәсіподақ мүшесіне өңірдегі кәсіподақ жұмысының өзекті мәселелерін жеткізіп, кәсіподақ құрылымының құжаттарын оқуды, кәсіподақ органдарының кәсіподақ мүшелерімен кері байланысын қатамасыз етеді.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының деңгейінде қызметке жаңадан қабылданған қызметкерлерге кәсіподақ құрылымы, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, ұжымдық шарт, кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің мүдделерін қорғау құралдары мен әдістері туралы ақпараттың берілуіне аса мән берілуі қажет.

Құқықтық жалпыға міндетті оқуды жүргізу аясында еңбек ұжымдарында кәсіподақ мүшелері еңбек заңнамасының негіздері бойынша, олардың нақты еңбек қызметіне (жалақыны есептеу мәселелері, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі және т.б.) сәйкес қажетті білім ала алатын кәсіподақ үйірмелерін құрудың маңызы зор.

### ***3. Топтар құрамы***

Оқыту кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділерінің келесі санаттары бойынша жүргізілуі тиіс:

- аудандық (қалалық) кәсіподақ ұйымдарының төрағалары;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары;
- кәсіподақ комитетінің мүшелері;
- кәсіподақ комитетінің есепшілері;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, өндірістік кеңес мүшелері;
- кәсіподақ заңгерлері, құқықтық еңбек инспекциясының қызметкерлері;
- кәсіподақ органдарының мамандары;
- бақылау-тексеру органдарының мүшелері;

- жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелері.

#### ***4. Оқытушылар (тренерлер)***

Кәсіподақтық оқыту оқытушылары болуы мүмкін:

- барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының төрағалары, олардың орынбасарлары, аппарат қызметкерлері;
- Кәсіподақтар федерациясының, Салалық кәсіподақтың, басқа да кәсіподақтардың, соның ішінде шетелдік кәсіподақтар өкілдері;
- мемлекеттік билік және басқару органдарының, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың, оқу орындарының, ұйым әкімшілігінің, т.б. өкілдері бола алады.

Кәсіподақтық оқытудың оқытушыларын таңдау кезінде үміткердің біліктілік деңгейін, оқытудың түрлі инновациялық, озық әдістері мен білім беру технологияларын меңгеруі ескерілуі қажет.

#### ***5. Бағдарлама***

Кәсіподақтық оқыту бағдарламалары тыңдаушылар немесе білім алушылар құрамына, оқыту мерзімділігі мен ұзақтылығына байланысты мүшелік ұйымдардың өздерімен әзірленеді. Тек мәселелер бойынша оқытылатын нақты білім алушылар категориясынан басқа, әр бағдарламада білім алушылардың барлық санаттары үшін неғұрлым маңызды және ортақ мәселелер: заманауи жағдайдағы кәсіподақтардың іс-әрекетінің стратегиясы мен тактикасы, кәсіподақ қозғалысының даму тарихы, әлеуметтік әріптестік, кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың әдіс-тәсілдері көрініс табуы қажет. Тақырыптарды зерттеу Салалық кәсіподақтың нақты шешімдерімен, съезд, конференция материалдарымен байланысты болуы тиіс.

#### ***6. Әдістер***

Оқыту әдістері тыңдаушылардың оқыту процесінің қатысушылары болуына жағдай туғызып, олардың мейлінше жоғары белсенділігін қалыптастыруы қажет. Осы мақсатта дәрістер оқумен қатар, оқытудың белсенді формаларын қолданып, талқыланатын тақырыптарға пікірталастар, дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, тәжірибелік сабақтар, оқу экскурсияларын, мастер-кластар және т.б. ұйымдастырған жөн. Ақпараттық және статистикалық материалдарды, видеоматериалдарды, оқу құралдары, оқытудың техникалық құралдарын кеңінен пайдалану және видео–лекция контентін құру қажет.

#### ***7. Қаржыландыру***

Кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру мен өткізуге бөлінетін қаражат мөлшері жыл сайын айқындалып, бекітіледі және кәсіподақ органдарының сметаларында көрсетіледі. Оқытуға бөлінетін қаражаттың ұсынылатын

көлемі – жиналатын мүшелік жарналардың жалпы көлемінің 10 %-нан кем емес. Ұжымдық шарт ережесі арқылы жұмыс берушінің қаражаты есебінен өндірістік кеңес мүшелерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқытуға болады.

### ***8. Нәтижелер***

Кәсіподақтық оқытуды өткізудің оң нәтижесі осы нұсқаулықтың бірінші бөлімінде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу болып табылады.

Кәсіподақтық оқытудың қорытындысы жыл сайын Атқару комитетінің отырысында қаралып, түрлі деңгейлердегі кәсіподақ органдарының осы бағыттағы жұмысына баға беріледі, саладағы кәсіподақтық білім жүйесін жетілдіру мен кемшіліктерін жою жөнінде нақты шаралар белгіленеді.

## **Оқытудың әр түрлі деңгейлерінде семинарлар өткізудің ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

1. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы. Қазақстан кәсіподақтарының ұйымдастыру құрылымы.
2. Кәсіподақтар қазіргі қоғамда: басымдылық, стратегия және тактика.
3. Әлеуметтік әріптестік – қоғам дамуындағы ықпалды институт.
4. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандырудың заманауи тәсілдері. Кәсіподақ белсенділігін ынталандыру.
5. Кәсіподақ Жарғысы – кәсіподақ жұмысының негізгі құжаты.
6. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім жүйесіндегі әлеуметтік әріптестік тәжірибесі.
7. Ұжымдық еңбек қатынастарын реттеу жүйесіндегі Бас, Салалық келісімдер, ұжымдық шарттар.
8. Салалық келісім мен ұжымдық шарттарды жасасу кезінде келіссөздер жүргізу: стратегиясы мен тактикасы.
9. Жеке еңбек дауларын шешу тәртібі.
10. Кәсіподақ пен олардың өкілдерінің әлеуметтік-еңбек қатынастарын қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы құқықтары.
11. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына енгізілген жаңашылдықтар.
12. Еңбекті қорғау саласында қызметкерлердің құқығын қорғаудағы кәсіподақтың міндеттері. Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңес пен техникалық инспекциялар қызметі.
13. Еңбек заңнамаларының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу тәртібі.
14. Қазақстан Республикасының азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету Тұжырымдамасы: Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы.
15. Еңбек нарығы, жұмыстан босатылған қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары.
16. Кәсіподақтардың жастар саясаты: стратегиялар, технологиялар, проблемалар.
17. Еңбекақы төлеу жүйесіндегі өзгерістер. Бухгалтерлік есеп және салық салу.
18. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті ұйымдастыру.
19. Кәсіподақтағы бақылау-тексеру органдарының жұмысын жетілдіру.
20. Кәсіподақ жиналыстары мен конференцияларын дайындау және өткізу технологиясы.
21. Кәсіподақ ұйымдарының құқықтарын қорғаудағы сот тәжірибесі.
22. Кәсіподақ ұйымдарындағы іс қағаздарын жүргізу және статистикалық есеп.
23. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында есеп берулер мен сайлауларды өткізу тәртібі.
24. Кәсіподақ көшбасшысының имиджі. Кәсіподақ көшбасшысының әмбебап және әлеуметтік құзіреттілігі (softskills).
25. Кәсіподақ көшбасшысының медиақұзыреттілігі.

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ  
БІРЛЕСТІГІНІҢ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫ АППАРАТТАРЫНЫҢ  
МАМАНДАРЫ, КӘСІПОДАҚ АКТИВИ, КӘСІПОДАҚ  
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**1. «КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ»**

**Мақсаты:** Кәсіподақ қызметінің өзіндік ерекшеліктері, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, олардың комитеттерінің негізгі жұмыс бағыттары туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қайта сайланған төрағалары, комитет мүшелері.

**ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы тұрғысындағы кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары. Кәсіподақтар туралы заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар. Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы.	2	2	-
2	Кәсіподақтар қызметінің құқықтық негіздері. Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі.	4	4	-
3	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеті. Ұжымдық шарт - ұйымдастыру деңгейіндегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	4	4	-
4	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	4	4	-
5	Кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ белсенділігін ынталандыру.	4	3	1
6	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыс.	4	2	2
7	Бастауыш кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу.	4	4	-
8	Кәсіподақ көшбасшысының имиджі.	4	3	1
9	Кәсіподақтардың билік органдарымен, саяси партиялармен өзара әрекеті	3	3	-
10	Қорытындылау.	1		1
	<b>Барлығы:</b>	<b>34</b>	<b>29</b>	<b>5</b>

**1.1. «ЖАС КӘСІПОДАҚ БАСШЫСЫ МЕКТЕБІ»  
Жас кәсіподақ белсенділерін, жастар кеңесінің (комиссияларының,  
комитеттерінің) мүшелерін оқыту бағдарламасы**

**Мақсаты:** жас кәсіподақ белсенділерін алғашқы даярлау. Жастардың белсенді көзқарасын қалыптастыру, жас мамандарды кәсіподақ қызметіне тарту.

**Тыңдаушылар санаты:** жас кәсіподақ белсенділері (35 жасқа дейін)

**ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасының жастар саясаты. Негізгі мақсаттары мен бағыттары.	6	5	1
2	Жастардың мүдделері. Өмірлік мақсаттар қою технологиясы.	6	3	3
3	Ұжымдық шарт – ұйымдағы жастар саясатын жүзеге асыру құралы.	2	2	-
4	Кәсіподақ ұйымдарының жастар кеңестері (комиссиялары) – мақсаттары мен міндеттері, жұмысының негізгі бағыттары.	6	3	3
5	Кәсіподақ көшбасшысының құзіреттілігі кәсіподақ қозғалысының басты күші: кәсіподақ көшбасшысының құқықтық құзіреттілігі.	2	2	-
6	Кәсіподақ жастар көзімен...	1	1	-
7	Іскерлік қарым- қатынас психологиясы	2	1	1
8	Жобаларды қорғау.	4		4
	<b>Барлығы:</b>	<b>29</b>	<b>17</b>	<b>12</b>

**1.2. «ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС НЕГІЗДЕРІ»**

**Мақсаты:** жастармен тиімді жұмысты ұйымдастыру дағдыларын дамыту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жастармен жұмыс жөніндегі мамандар.

**ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	<b>Қазіргі заманғы жастар саясатының шеңбері</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	
	Қазақстан Республикасындағы	3	3	-



	мемлекеттік жастар саясаты. Мақсат-міндеттері мен құралдары.			
	Саладағы, өңірлердегі жастар саясаты.	2	2	-
<b>2</b>	<b>Жастармен жұмыстың принциптері мен негізгі тәсілдері.</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	
	Жастар жұмысының негізгі принциптері.	3	3	-
	Жастарға бағытталған тәсілдер мен күзінеттілік	3	3	-
<b>3</b>	<b>Жастармен жұмысты жоспарлау және талдау.</b>	<b>4</b>	<b>1</b>	<b>3</b>
	Жастар жұмысының технологиясы. Жастармен жұмысты талдау және өзіндік баға беру.	4	1	3
<b>4</b>	<b>Жастармен жұмыстың функционалдық мазмұны.</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
	Жастармен жұмыс жасайтын белсендінің негізгі функциялары.	4	3	1
	Жастармен жұмыс бағдарламасын және жоспарларды дайындауда бағдарламалық-мақсаттық әдісті қолдану.	4	1	3
	<b>Жобаларды қорғау</b>	<b>4</b>	<b>-</b>	<b>4</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>27</b>	<b>16</b>	<b>11</b>

## 2. «КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ»

**Мақсаты:** Кәсіподақ, қоғам өміріндегі кәсіподақ қозғалысының маңызы туралы білім алу және түсінікті кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты** – барлық санаттар

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысы. Проблемалар мен перспективалар.	2	2	-
2	Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы. Кәсіподақтардың функциялары мен қызметтерінің негізгі бағыттары. Салалық кәсіподақтар және олардың мүшелік ұйымдары: мақсаттары, міндеттері, қызметтерінің бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподақ қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі.	2	2	-
4	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеті. Ұжымдық шарт – әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	3	1	2
5	Кәсіподақтардың билік органдарымен, саяси партиялармен өзара іс-әрекеті.	2	1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>11</b>	<b>8</b>	<b>3</b>

### 3. «КӘСПОДАҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ»

**Мақсаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы жұмыстың негізгі бағыттарының ерекшеліктері туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары.

#### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Салалық кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттері. Олардың 2019-2024 жылдарға арналған Кәсіподақ қызметінің Бағдарламасында көрсетілуі. Кәсіподақтың XIV Съезінің материалдары.	2	2	-
2	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподаққа қызметкерлерді тарту жөнінде жұмысты ұйымдастыру. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру.	2	1	1
4	Кәсіподақ ұйымындағы негізгі құжаттар мазмұнының құрылымы. Кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу.	3	2	1
5	Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарт.	3	1	2
6	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыс. Жаңа формалары.	2	2	-
	<b>Барлығы:</b>	<b>14</b>	<b>10</b>	<b>4</b>

### 4. «ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА КӘСПОДАҚТАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС: ПРОБЛЕМАЛАР, ЖАҚСARTU ЖОЛДАРЫ, ПЕРСПЕКТИВАЛАР»

**Мақсаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмысының бағыттары, кәсіподақ қызметіндегі ерекшеліктер туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі мамандар.

#### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ функциялары мен қызметінің негізгі бағыттары.	2	2	
2	Кәсіподақ органының жұмысын ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"><li>• кәсіподақ комитетінің, тұрақты комиссиялардың жұмыстарын жоспарлау;</li><li>• бастауыш ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде (цехтарында, кәсіподақ топтарында) жиналыстар өткізу;</li></ul>	4	2	2

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• кәсіподақ комитеті мен комиссияларының отырыстарын өткізу;</li> <li>• бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымын жетілдіру;</li> <li>• іс қағаздарын жүргізу: істер номенклатурасы; алқалық органдардың хаттамаларын жүргізу; наградтау материалдары және т.б.</li> </ul>			
3	Кадрлармен, активпен жұмысты ұйымдастыру және <ul style="list-style-type: none"> <li>• таңдау, реттеу;</li> <li>• оқыту;</li> <li>• белсенді қызметке қатыстыру.</li> </ul>	2	1	1
4	Кәсіподақтар қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	2	2	-
5	Төменгі және жоғары кәсіподақ органдары мен ұйымдарының өзара іс-әрекеті. Дөңгелек үстел.	2	-	2
<b>Барлығы:</b>		<b>12</b>	<b>7</b>	<b>5</b>

## 5. «КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ»

**Мақсаты:** Еңбек саласындағы заңнамалар бойынша білім алу, қызметкерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде тәжірибелік дағдыларды дамыту.

**Тыңдаушылар санаты** — барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақтың құқықтық жұмыстары бойынша мамандары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ қызметінің құқықтық негіздері	2	2	-
2	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы: қолдану тәжірибесі және жетілдіру мәселелері	2	1	1
3	Еңбек заңнамасын орындамағаны үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігі	2	2	
<b>Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі</b>				
4	Қызметкерлердің бірігуге құқықтары. Кәсіподақтардың әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудегі құқықтары.	2	2	-
5	Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудегі кәсіподақтардың рөлі. Әлеуметтік әріптестік: ұжымдық шарт.	2	2	-
6	Еңбек шарты: жасау, өзгерту, бұзу тәртібі.	2	1	1
7	Жұмыс және тынығу уақыты. Педагогтардың жұмыспен тынығу уақытының ерекшеліктері.	2	1	1

8	Жұмыс берушінің актілері. Сайланбалы кәсіподақ органының дәлелді пікірлерін ескеру.	2	1	1
9	Жұмыс берушімен еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жасау.	2	2	-
10	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға кәсіподақтық бақылау. Өндірістік кеңестер. ЕҚ және ЕҚ жөніндегі техникалық инспекторлар.	2	1	1
11	Жеке еңбек даулары, оларды шешу жолдары.	2	2	-
12	Білім беру жүйесіндегі жалақының есептелу ерекшеліктері.	3	2	1
13	Кәсіподақтардың құқықтық қызметі: негізгі қызмет бағыттары мен өкілеттігі.	2	1	1
14	Құқықтық сауаттылықты көтеру, келісу комиссияларының жұмысы бойынша келісім ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	2	1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>29</b>	<b>21</b>	<b>8</b>

## **6. «ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРҒАУ»**

**Мақсаты:** қолданыстағы заңнама аясында ұйымдардағы қызметкерлерді әлеуметтік-экономикалық қорғау әдістері жөніндегі білімдерін кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ активі.

### **ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің қазіргі проблемалары, жұмыспен қамту мәселесі, өмір сүру индексінің көрсеткіштері. Адами капиталдың дамуы және осы мәселедегі кәсіподақтардың көзқарасы.	2	2	-
2	Жалдамалы қызметкерлердің экономикалық мүдделерін қорғаудағы кәсіподақтардың қызметі.	2	2	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>-</b>

## 7. «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ РӨЛІ»

**Мақсаты:** Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде еңбек заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы түсінікті кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, ұйымдастыру және құқықтық жұмыстар жөніндегі мамандар.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Жаңа жағдайдағы кәсіподақ қызметінің стратегиясы туралы (ҚРКФ және Салалық кәсіподақ съездерінің материалдары бойынша)	2	2	-
2	Еңбек шарты. Еңбек шартын сауатты жасаудың жалпы принциптері. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негіздемесі мен тәртібі.	2	2	-
3	Саладағы қызметкерлердің еңбек құқықтарын жүйелі бұзушылық.	2	2	-
4	Жеке еңбек даулары. Қызметкерлердің мүдделеріне өкілдік.	2	2	-
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>8</b>	<b>8</b>	<b>-</b>

## 8. «ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ»

**Мақсаты:** Ұжымдық шартты дайындау және жасасудағы теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды алу.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, төраға орынбасарлары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	«Ұжымдық шарт» туралы түсінік, оның құрылымы.	4	2	2
2	Ұжымдық шарттың заңнамалық базасы.	3	2	1
3	Ұжымдық шарт – қызметкерлерге қосымша әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер беру құралы.	3	1	2
4	Ұжымдық шартты дамыту дағдыларын қалыптастыру.	3	1	2
5	Конфликтология негіздері. Ұжымдық шартты жасау кезінде жанжалдарды шешу.	2	2	-
6	Кәсіпорындағы, ұйымдағы ұжымдық шарттың орындалуын бақылау.	3	1	2
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>18</b>	<b>9</b>	<b>9</b>

## 9. «ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ»

**Мақсаты:** Ұжымдық келіссөздерді жүргізу жөнінде білімін, дағдылар мен іскерлік деңгейін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары, кәсіподақ комитеттерінің мүшелері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Ұжымдық келіссөздерді жүргізудің негізгі басымдылықтары.	2	2	-
2	Ұжымдық шарттағы еңбекақы төлеу мәселесі. Еңбекақы төлеу қаражатының жұмсалуды талдау және ұжымдық шартты жасау кезінде оның қолданылуы.	2	2	-
3	Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру. Мақсаттарды тұжырымдау.	4	2	2
4	Келіссөздерге дайындалу. Мақсатқа жету жолдарын іздеу, дәйектер және олардың орындылығы.	3	2	1
5	Келіссөздер - іскерлік қатынастың түрі. Келіссөздер жүргізудегі вербальды және вербальды емес қарым-қатынас.	3	1	2
6	Келіссөздер жүргізу технологиясы. Келіссөздер жүргізудегі стратегия.	4	2	2
7	Конфликтілі жағдайларындағы келіссөз процесі. Конфликтіні шешу.	4	1	3
8	Келіссөз процесін қорытындылау. Талдау, баға беру, түйін, келісімді орындау.	2	2	-
9	«Келіссөздер» іскерлік ойыны.	2	-	2
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>26</b>	<b>14</b>	<b>12</b>

## 10. «ЖАЛАҚЫ. КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖАЛАҚЫНЫ РЕТТЕУГЕ ҚАТЫСУЫ»

**Мақсаты:** Ұйымдағы қаржы қызметінің ерекшеліктері, жалақыны есептеу туралы білім алу.

**Тыңдаушылар санаты** — басшылар, мамандар.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Еңбекақы мәні мен принциптері. Білім беру жүйесіндегі еңбекақы төлеу – жаңа аспектілер.	2	2	-
2	Еңбекақы төлеу жүйелері. Қызметкерлердің әр түрлі			

	категорияларының жалақылары. Еңбекті нормалау. Материалдық ынталандырудың қосымша формалары (сыйақылар, қосымша ақылар, еңбек демалыстары және т.б.)	3	2	1
3	Орташа жалақыны есептеу қағидасы. Жалақыны индекстеу тәртібі.	2	1	1
4	Басқа жұмысқа, толық емес жұмыс аптасына ауыстыру кезіндегі қызметкерлердің еңбекақы құқықтарының кәсіподақтармен қорғалуы. Оқу жүктемесі көлемін қысқарту кезіндегі қызметкерлердің құқықтары.	2	2	-
5	Уақытылы еңбекақының төленбегені үшін әкімшілік жауапкершілігі.	1	1	
6	Ұжымдық шартпен көзделген, еңбекақы төлеуге байланысты салықтар мен сақтандыру жарналарының есептелуі.	2	2	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>12</b>	<b>10</b>	<b>2</b>

## 11. «КӘСІПОДАҚТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС»

**Мақсаты:** Кәсіподақ ұйымдарындағы ақпараттық қызмет бойынша білім алу, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ активі, ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі мамандар.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың ерекшеліктері. Ақпараттық жұмыс – имидждік саясат факторы.	2	2	-
2	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыстың негізгі формалары. Жаңа технологиялық құрылғыларды пайдалану.	2	1	1
3	Жаңа жағдайдағы Интернет торабындағы ақпараттық жұмыс	2	1	1
4	Баспасөз ақпарат құралдарымен және мақсатты аудиториямен өзара қарым-қатынастың базалық аспектілері.	2	2	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>2</b>

## 12. «КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ»

**Мақсаты:** Адамдарды кәсіподаққа ынталандырудағы тәжірибелік дағдылар мен білім алу және кәсіподақ мүшелерінің кәсіподақтық белсенділіктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ активі.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттары және оның кәсіподақ белсенділігін ынталандырудағы ықпалы.	2	2	-
2	Кәсіподақ ұйымындағы ұйымдастырушылық жұмысындағы проблемалар.	2	1	1
3	Кәсіподақ ұйымындағы мүшелерді ынталандыру түсінігі. Мотивация құрылымы.	3	2	1
4	Қызметкерлерді кәсіподаққа ынталандыру технологиясы және кәсіподақ мүшелерінің белсенділігін арттыру.	3	1	2
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>10</b>	<b>6</b>	<b>4</b>

### 13. «КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»

**Мақсаты:** Кәсіподақ ұйымдарындағы қаржылық қызметінің заңнамалық базасы, есеп және салық саясаты, іс қағаздарын жүргізу, бухгалтерлік есеп және салық салу туралы түсінігін кеңейту және жаңа білім беру.

**Тыңдаушылар санаты** — кәсіподақ ұйымдарының қаржы қызметкерлері.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік. Кәсіподақтардың қаржылық қызметінің заңнамалық базасы. Ұйымның қаржылық саясаты.	2	2	-
2	Бухгалтерлік баланс. Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп. Консолидациялық бухгалтерлік есеп, статистикалық есеп.	4	3	1
3	Қазақстан Республикасының Салық кодексіне түсіндірме беру. Салық базасы. Салық мөлшерлемелері. Кәсіподақ ұйымдарындағы салық салудың ерекшеліктері. Салық төлеу және міндетті төлемдердің мерзімдері.	2	2	-
4	Жеке тұлғаларға салық салу.	2	2	
5	Бухгалтериядағы іс қағаздарын жүргізу. Бастапқы құжаттарды есепке алу.	2	1	1
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>12</b>	<b>10</b>	<b>2</b>



#### 14. « КӘСПОДАҚТЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ҚЫЗМЕТІ »

**Мақсаты:** Тексеру комиссиясы мүшелерінің біліктілігін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** тексеру комиссиясының мүшелері.

#### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақтардың қаржылық қызметінің заңнамалық базасы. Қазіргі жағдайдағы қаржылық жұмыстың негізгі принциптері мен ерекшеліктері. Кәсіподақтың бақылау-тексеру органдарының рөлі.	2	2	-
2	Бақылау-тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тәртібі.	3	2	1
3	Кәсіподақ ұйымының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу тәртібі және тексеру нәтижелерін рәсімдеу.	4	3	1
4	Кәсіподақ ұйымының қаржылық міндеттері мен мүліктерге түгендеу жүргізу тәртібі.	2	1	1
5	Кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу тәртібінің дұрыстығын тексеру	2	1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>13</b>	<b>9</b>	<b>4</b>

#### 15. « КӘСПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ»

**Мақсаты:** Ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыс жөніндегі мамандардың біліктіліктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыс жөніндегі мамандары

#### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасының қазіргі кәсіподақ қозғалысындағы өзекті проблемаларын талдау.	2	2	-
2	Кәсіподақ органдарының ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмысы, оның міндеттері және жұмысты ұйымдастыру.	2	1	1
3	Кәсіподақ кампанияларын жүргізу технологиясы: ынтымақтастық, наразылық акциялары, кәсіподаққа жаңа мүшелерді тарту.	2	1	1
4	Кәсіподақтың кадрлық саясаты: іріктеу, орналастыру, кадрлар мен активті оқыту. Резерв құру және оны оқыту.	2	2	-
5	Есеп беру-сайлау кампанияларын ұйымдастыру.	2	2	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>10</b>	<b>8</b>	<b>2</b>

## 16. «КӘСІПОДАҚТАҒЫ МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС»

**Мақсаты:** Мәдени-бұқаралық жұмыс жөніндегі кәсіподақ органдары мамандарының, кәсіподақ активінің біліктіліктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** мәдени-бұқаралық комиссиялар төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазіргі бұқаралық мәдениет түсінігі, даму тенденциялары.	2	2	-
2	Мәдени-тынығу уақытындағы менеджмент және маркетинг саласы.	2	1	1
3	Өртүрлі жастағы адамдар үшін мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастыру.	2	1	1
4	Кәсіподақтардың мәдени-бұқаралық жұмысы – кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру факторы.	2	2	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>2</b>

## 17. «ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК»

### ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ӨКІЛДЕРІ МЕН КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫН БІРЛЕСКЕН ОҚИТУ

**Мақсаты:** әлеуметтік әріптестік шеңберінде жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-әрекет мәселесінде кәсіподақ кадрлары мен активінің біліктілігін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, аудандық және қалалық ұйымдар төрағалары, билік органдары мен жұмыс берушілер өкілдері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Оқу сағаттарының саны				
		барлығы	дәрістер	тәжірибе алмасу	"дөңгелекүстел"	іскерлік ойындар
1	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: мақсаттары, міндеттері, әлеуметтік әріптестік саласындағы негізгі принциптері.	2	2	-	-	-
2	Қазақстан Республикасындағы трипатризм жүйесі.	2	2	-	-	-
3	Әлеуметтік әріптестік тараптары өкілдерінің өзара іс-әрекет формалары.	2	-	2	-	-
4	Еңбек қатынасы саласындағы жұмыс берушілердің, қызметкерлер мен	4	2	2	-	-

	олардың өкілдерінің өзара іс-әрекеті.					
5	Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу құралы. Ұжымдық шарттың мазмұны.	3	1	2	-	-
6	Ұжымдық шарт процесін жетілдіру проблемалары.	3	-	-	3	-
7	Қызметкерлерді жұмыстан шығару жағдайында олардың еңбек құқықтарының қадағалануы туралы.	4	2	2	-	-
8	Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.	2	2	-	-	-
9	Еңбек шарты: мазмұны, тәртібі, жасау, бұзу, өзгерту.	3	3	-	-	-
10	Еңбек шарты тараптарының материалдық жауаптылығы.	1	1	-	-	-
11	Жұмыс уақыты туралы еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
12	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы бойынша кепілдіктер мен өтемақылар.	2	2	-	-	-
13	Еңбек тәртіптемесі және еңбек тәртібі жөніндегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.	2	2	-	-	-
14	Қызметкерлердің жекелеген категорияларының еңбегін реттеудің ерекшеліктері жөнінде еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
15	Ұйымның локальді құқықтық актілері.	1	1	-	-	-
16	Еңбек дауларын тудыратын себептерді жоюдағы ұжымдық шарттар мен келісімдердің рөлі мен маңызы.	2	2	-	-	-
17	Ұйымдағы ұжымдық еңбек дауларын шешу.	2	2	-	-	-
18	Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау туралы заңнамасы.	2	2	-	-	-
19	Қазіргі еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту проблемалары.	2	2	-	-	-
20	Тиімді басқару.	1	1			
21	Стратегиялық әріптестік, ортақ мақсаттар мен мүдделер.	1	1			
22	<b>Іскерлік ойын.</b> Келіссөздер - ұжымдық шартты жасасу кезіндегі қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы өзара қарым-қатынасты орнатудың негізі.	4	-	-	-	4
	<b>Барлығы:</b>	<b>49</b>	<b>34</b>	<b>8</b>	<b>3</b>	<b>4</b>

## 18. « КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚЫТУ. ЖАҢА ТӘСІЛДЕР, ЖАҢА ФОРМАЛАР»

**Мақсаты:** Кәсіподақтық оқыту сапасын арттыру, оқытушылар, жаттықтырушыларды (тренерлерді) дайындау, кәсіподақ топтарымен жұмыс дағдыларын қалыптастыру, кәсіподақтық оқыту ерекшелігі туралы түсінікті кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ оқытушылары, кәсіподақ ұйымдарында оқытуды ұйымдастырудағы қатыстырылатын кәсіподақ белсенділері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
<b>1</b>	Кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері. Кәсіподақта жетістікке жету үшін әрекеттер мен алғышарттар.	<b>2</b>	<b>2</b>	
<b>2</b>	Оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері.	<b>10</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
2.1	Ересектерді оқытудағы психологиялық ерекшеліктер.	2	1	1
2.2	Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытудағы мотивация.	2	1	1
2.3	Оқытушы тұлғасы: талаптары, өзіндік дамуы.	2	1	1
2.4	Топтар психологиясы. Кіші топтардағы жұмыстардың тиімділігі.	4	2	2
<b>3</b>	Оқыту методикасы.	<b>26</b>	<b>11</b>	<b>15</b>
3.1	Оқыту процесі: мақсат, жоспарлау және ұйымдастыру.	2	2	
3.2	Оқыту бағдарламасы: мазмұны мен құрылымы.	1	1	
3.3	Біртұтас оқыту модулі.	2	2	
3.4	Заманауи оқыту технологиялары.	3	1	2
3.5	«Дөңгелек үстел», дискуссиялар өткізу әдістемесі.	3	1	2
3.6	Инновациялық оқыту технологиясы–іс-әрекетке оқыту.	3	1	2
3.7	Практикалық сабақ.	3		3
3.8	Нақты жағдаяттарды талдау әдістемесі.	2	2	
3.9	Іскерлік ойын. Авторлық ойындарды модельдеу.	3		3
3.10	Тренинг – оқытудың бір түрі.	2		2
3.11	Оқытудың техникалық құралдары.	2	1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>38</b>	<b>18</b>	<b>20</b>